

Пайдалану бойынша
нұсқаулық

DEXP

Триммер
DEXP МК-560FCPD

Мазмұны

Құрылғының мақсаты	5
Сақтық шаралары	5
Құрылғының сұлбасы	6
Құрылғыны қуаттау	7
Жалпы ұсыныстар.....	7
Қырынуға арналған құрылғыны пайдалану.....	7
Ұштық триммерді пайдалану	7
Қырқатын саптамаларды пайдалану	8
Интимдік аймақтардың саптамаларын пайдалану	8
Мұрын мен құлаққа арналған саптаманы пайдалану.....	8
Құрылғыны бұғаттау.....	9
Құрылғыны тазалау	9
Техникалық сипаттамалар	9
Жиынтықтамасы.....	9
Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), сату және кәдеге жарату ережелері және шарттары	10
Қосымша ақпарат	11

Құрметті сатып алушы!

Біздің өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс айтамыз.

Біз Сізге сапалы, функционалды және жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және жасалған өнімдер мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастамас бұрын, Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықтың сақталуына назар аударыңыз және оны өнімді одан әрі пайдалану кезінде анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Құрылғының мақсаты


Триммер – бұл сақал мен мұртты қыруға және қырқуға арналған электромеханикалық құрылғы.

Сақтық шаралары

- Желіні қолданар алдында немесе зарядтамас бұрын, құрылғы мен оның сымы толығымен құрғақ екеніне көз жеткізіңіз.
- Құрылғыны және оның батареясын төтенше температура әсерінен қорғаңыз, оларды қуатты жылу көздерінің жанында сақтамаңыз (пештер, жылытқыштар және т.б.).
- Құрылғыны зарядтауға орнатпас бұрын, оның өшірулі екеніне көз жеткізіңіз.
- Құрылғыны іске қоспас бұрын, онда көрсетілген кернеу жергілікті жерге тұйықталған электр желісінің кернеуіне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Құрылғы балалардың және физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі адамдардың пайдалануына, тек олардың қауіпсіздігіне жауапты бақылау жүргізетін/тәжірибелері мол болатын басқа жандар жүзеге асырған жағдайларды қоспағанда пайдалануына арналмаған.
- Құрылғының бөліктерін жөндеуге, конфигурациялауға немесе ауыстыруға тырыспаңыз. Жөндеу үшін өкілетті сервистік орталыққа хабаралсыңыз.
- Егер электр кабелі зақымдалған болса, жарақаттардың алдын алу үшін оны қызмет көрсету орталығының білікті маманы ауыстыруы керек.
- Зақымдалған жағдайда ұстара, адаптер және кез-келген басқа компонентті қолдануға тыйым салынады, себебі бұл жарақатқа әкелуі мүмкін. Қуаттағыш құрылғыны немесе басқа зақымдалған элементті ауыстыру үшін тек түпнұсқа компоненттерді пайдаланыңыз.
- Тек жиынтыққа кіретін адаптерді, зарядтағышты және қосымша керек-жарақтарды пайдаланыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: егер саптама зақымдалған болса, құрылғыны пайдалану кезінде бет терісіне зақым келтіру қаупі бар.

Құрылғының сұлбасы



1. Қыратын ұштығы бар негізгі құрылғы.
2. Жылдамдықтарды ауыстырғыш.
3. Қуаттау батырмасы.
4. Интимдік аймақтарға арналған саптама (бикини, қолтық).
5. Саптама-триммер.
6. СК дисплей.
7. Бұғаттау жарық индикаторы.
8. Сақалды қыратын саптама.
9. Шаш қырқатын саптама (4 дана).
10. Мұрынға /құлаққа арналған саптама.
11. Дәлдік саптама-триммер.
12. Тұғыр.

Құрылғыны қуаттау

Егер дисплей «00» мәнін көрсетсе және құрылғы төмен шу шығара бастаса - ол дерлік таусылады.

Құрылғыны өшіріңіз де оны қуаттаңыз. Ол үшін мынадай операциялар жасаңыз:

1. Қуаттау адаптерін электр ұстарасындағы тиісті коннекторға қосыңыз.
2. Қуаттау адаптерін розеткаға қосыңыз.
3. Дисплей ағымдағы зарядтың жұмыс уақытын көрсетеді (00, 05... дейін 60).
4. 8 сағат өткенде құрылғы толығымен қуатталған болады.
5. Қуаттау адаптерін розеткадан және құрылғыдан ажыратыңыз.

Назар аударыңыз: құрылғыны бірінші рет қолданған кезде немесе ұзақ уақыт пайдаланбаған кезде оны алдын ала зарядтаңыз.

Жалпы ұсыныстар

- Триммерді үнемі маймен майлаңыз және оны шаштардан тазартыңыз.
- Сақалды жұмсақ сусабынмен және кондиционермен жуыңыз. Бұл оның тегістігін сақтауға көмектеседі және қырыну мен кесуді жеңілдетеді.
- Жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін триммердің батареясы жеткілікті екеніне көз жеткізіңіз.
- Шаштың өскен бағытына қарсы қырыңыз. Қырыну кезінде аспапты баяулатып және байыппен жүргізіңіз.

Қырынуға арналған құрылғыны пайдалану

1. Құрылғының өшкеніне көз жеткізіңіз.
2. Жүздердің зақымдалмағанын және ластанбағанын тексеріңіз.
3. Қуаттау батырмасын басып құрылғыны іске қосыңыз.
4. Процедура аяқталғаннан кейін қуат түймесін басу арқылы құрылғыны өшіріңіз.

Ұштық триммерді пайдалану

Ескерту: триммер ұзындығы 5 мм-ден асатын сақалды, самайды және мұртты қырқу үшін қолданылады. Дәл саптама триммер мұртты, сақалды жиектеу және үлгіні шығару үшін қолданылады.

1. Құрылғының өшкеніне көз жеткізіңіз.
2. Жүздердің зақымдалмағанын және ластанбағанын тексеріңіз.
3. Дәл саптама триммер мұртты, сақалды жиектеу және үлгіні шығару үшін қолданылады.
4. Саптама-триммерді орнату. Триммер саптамасының үстіне қосымша біріктірілген саптаманы орнатуға болады.
5. Қуаттау батырмасын басып құрылғыны іске қосыңыз.
6. Өзіңізге қажетті болатындай шаштарды және сақалды реттеңіз.
7. Процедура аяқталғаннан кейін қуат түймесін басу арқылы құрылғыны өшіріңіз.
8. Саптаманы ағытыңыз.

Қырқатын саптамаларды пайдалану

Ескерту: шаш қиятын саптамаларды кез-келген ұзындықтағы сақал мен мұрт үшін қолданылады.

1. Құрылғының өшкеніне көз жеткізіңіз.
2. Жүздердің зақымдалмағанын және ластанбағанын тексеріңіз.
3. Саптаманы керекті ұзындық болатындай етіп орнықтырыңыз.
4. Қуаттау батырмасын басып құрылғыны іске қосыңыз.
5. Өзіңізге қажетті болатындай шаштарды және сақалды реттеңіз.
Құрылғыны бір жерде ұзақ уақыт жүргізбеңіз, өйткені бұл сақалды толығымен алып тастауы мүмкін.
6. Процедура аяқталғаннан кейін қуат түймесін басу арқылы құрылғыны өшіріңіз.
7. Саптаманы ағытыңыз.

Интимдік аймақтардың саптамаларын пайдалану

Ескерту: бұл саптама қолтық астындағы шашты және бикини аймағын қыру үшін қолданылады.

1. Құрылғының өшкеніне көз жеткізіңіз.
2. Жүздердің зақымдалмағанын және ластанбағанын тексеріңіз.
3. Дәл саптама триммер мұртты, сақалды жиектеу және үлгіні шығару үшін қолданылады.
4. Интимдік аймақтарға арналған саптаманы орнықтырыңыз.
5. Қуаттау батырмасын басып құрылғыны іске қосыңыз.
6. Құрылғыны ақырын және баяу жүргізіп, таңдалған аймақтардағы шашты алыңыз.
7. Процедура аяқталғаннан кейін қуат түймесін басу арқылы құрылғыны өшіріңіз.
8. Саптаманы ағытыңыз.

Мұрын мен құлаққа арналған саптаманы пайдалану

Ескерту: бұл саптама құлақтағы және танаудағы қылдарды қыру үшін пайдаланылады.

1. Құрылғының өшкеніне көз жеткізіңіз.
2. Дәл саптама триммер мұртты, сақалды жиектеу және үлгіні шығару үшін қолданылады.
3. Мұрын мен құлаққа арналған саптаманы орнатыңыз.
4. Қуаттау батырмасын басып құрылғыны іске қосыңыз.
5. Құрылғыны мұрынға немесе құлаққа абайлап салыңыз және шашты дөңгелек қимылмен алыңыз.
6. Процедура аяқталғаннан кейін қуат түймесін басу арқылы құрылғыны өшіріңіз.
7. Саптаманы ағытыңыз.

Құрылғыны бұғаттау

1. Құрылғыны кездейсоқ қосылудан қорғау үшін қуат түймесін 6 секунд басып тұрыңыз.
2. Бұғаттауыш жарық индикаторы жанатын болады.
3. Құлыптау режимін өшіру үшін қуат түймесін 6 секунд басып тұрыңыз немесе құрылғыны желіге қосыңыз.

Құрылғыны тазалау

- Оңтайлы қырыну нәтижелеріне қол жеткізу үшін әр сессиядан кейін құрылғыны тазалаңыз.
- Үнемі тазалау қырынудың және қырқудың жақсы нәтижелерін береді.
- Жинаққа кіретін құрылғыны щеткамен тазалаңыз, сонымен қатар пышақтарды маймен майлаңыз.
- Назар аударыңыз: Құрылғыны тазалау үшін сығылған ауаны, абразивті губкаларды, абразивті тазартқыштарды немесе бензин немесе ацетон түріндегі еріткіштерді пайдалануға тыйым салынады.

Техникалық сипаттамалар

- Үлгісі: МК-560FCPD.
- Батарея: 500 мАч, Li-ion, 3,7 В.
- Бір қуаттаудан жұмыс уақыты: 60 минут.
- Батареяның қуатталу уақыты: 1,5 сағат.
- Триммерді қуаттау параметрлері: 5 В / 1 А.
- Адаптерді қуаттау параметрлері: 220 - 240 В, 50 Гц.
- Жұмыстың қалған уақыты көрсететін СК-дисплей.
- Қолданылу аясы: тұрмыстық.

Жиынтықтамасы

- Қыратын ұштығы бар негізгі құрылғы.
- Интимдік аймақтарға арналған саптама (бикини, қолтық).
- Саптама-триммер.
- Шаш қырқатын саптама (4 дана).
- Сақалды қыратын саптама.
- Мұрынға/құлаққа арналған саптама.
- Дәлдік саптама-триммер.
- Тұғыр.
- Май.
- Тарақ.
- Триммерді тазалауға арналған шөтке.
- Қуаттау адаптері.
- Пайдаланушы нұсқаулығы.
- Кепілдік талоны.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), сату және кәдеге жарату ережелері және шарттары

- Құрылғы қандайда бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғының сақталуы өндірушінің және тұтынушының жылытылып тұратын панажайларында өндірушінің қаптамасында 5°C бастап 40°C дейінгі температурада және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жерлерде жүргізілуі тиіс. Тұрғын-жайларда тотығуды туындататын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілерді булары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны құрғақ ортада тасымалдау керек.
- Құрылғы мұқият күтім жасауды қажет етеді, оны шаңның, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Құрылғыда ақаулық анықталған жағдайда дереу авторизацияланған сервистік орталыққа жүгініп хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.
- Бұйымның қызмет мерзімі аяқталғанда оны әдеттегі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға да болмайды. Оның орнына, оны федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін электрлік және электронды жабдықты тиісті қабылдау пунктіне кәдеге жаратуға жіберу керек. Осы өнімді дұрыс кәдеге жаратуды қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды үнемдеуге және қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келтірмеуге көмектесесіз. Бұл өнімді қабылдау және жою пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Юйяо Сити Хуалин Электрик Ко., Лтд.
Шансиньу, Сымэнь, Юйяо қ., Чжэцзян пров., Қытай.

Қытайда жасалған.

Импортер / юр. лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Қазақстан.

Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы,
Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Тауар Кеден Одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электр магниттік сәйкестілігі»;
- КО ТР 004/2011 «Төменвольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы».

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың 037/2016 ЕАЭО ТР «Электр техникасы және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Бұйымның сыртқы түр-сипаты және оның сипаттамалары сапасын жақсарту үшін алдын ала хабарланбай өзгерілуі мүмкін.

Интернеттегі мекенжайы: www.dexp.club



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

V.4

Кепілдік талоны

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қойылған күні: _____

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен жинақтарда ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілдік кезеңі бұйымды сатып алған сәттен басталады және тек қана жаңа өнімдерге қолданылады.

Кепілдік қызмет көрсетуге пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес бұйымды пайдалану шартымен кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кесірінен істен шықпаған элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервистік орталықтардың аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Сервистік орталықтардың өзекті тізімі келесі мекенжай бойынша:

<https://www.dns-shop.ru/service-center/>

Кепілдік міндеттемелер және тегін сервистік қызмет көрсету, егер оларды ауыстыру бұйымды бөлшектеуге байланысты болмаса, тауардың жиынтықтылығына кіретін, төменде аталған керек-жарақтарға қолданылмайды:

- ҚБП (Қашықтан басқару пультіне) арналған қуат элементтері (батареялар).
- Жалғағыш кабельдер, антенналар және оларға арналған жалғастырғыш тетіктер, құлаққаптар, микрофондар, «HANDS-FREE» құрылғылары; жиынтықта жеткізілетін әртүрлі типтегі ақпарат тасымалдағыштар, бағдарламалық құрал (БҚ) және драйверлер (бұйымның қатты магниттік дискілердегі жинақтағышқа алдын ала орнатылған БҚ-ны қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей), сыртқы енгізу-шығару құрылғылары және манипуляторлар.
- Қаптар, сөмкелер, белдіктер, тасымалдауға арналған баулар, монтаждық керек-жарақтар, құрал-саймандар, бұйымға қоса берілетін құжаттама.
- Табиғи тозуға ұшырайтын шығын материалдары мен бөлшектер.



Өндіруші келесі жағдайларда кепілдік міндеттемелерге ие болмайды:

- Кепілдік мерзімі аяқталды.
- Егер жеке (тұрмыстық, отбасылық) қажеттіліктерге арналған бұйым кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін, сондай-ақ оның тікелей міндетіне сәйкес келмейтін басқа мақсаттарда пайдаланылған болса.
- Өндіруші бұйымды пайдалану кезінде пайдаланушы нұсқаулығының талаптарын бұзу, бұйымды орнату және оған қызмет көрсету жөніндегі ұсынымдарды, қосу ережелерін (бұйымның өзіне де, онымен байланысты бұйымдарға да сәйкес келмейтін желілік кернеудің әсері нәтижесінде туындаған қысқа тұйықталулар), бұйымды сақтау және тасымалдау кезінде өнім иесі және/немесе үшінші тұлғалар шеккен ықтимал материалдық, моральдық және өзге де зиян үшін жауапты болмайды.
- Механикалық зақымданудың барлық жағдайлары: өнімді пайдалану кезінде алынған сызаттар, жарықтар, деформациялар, соққы іздері, майысулар, кептелістер және т.б.
- Түрлендірулерді, рұқсат етілмеген жөндеулерді осындай жұмыстарды жүргізуге уәкілетті емес адамдар жүргізген жағдайлар. Егер ақаулық конструкцияны немесе бұйымның схемасын өзгерту, Өндіруші қарастырмаған сыртқы құрылғыларды қосу, Қазақстан Республикасының заңнамасына сай сәйкестік сертификаты жоқ құрылғыны пайдалану салдарынан туындаған болса.
- Егер бұйымның ақауы еңсерілмейтін күштің әсерінен (табиғи элементтер, өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, тұрмыстық факторлар және Өндірушіге тәуелді емес басқа жағдайлар) немесе Өндіруші болжай алмаған үшінші тұлғалардың әрекеттерінен туындаса. Бұйымның толық немесе ішінара істен шығуына алып келген бұйымның ішіне бөгде заттардың, өзге денелердің, заттектердің, сұйықтықтардың, жәндіктердің немесе жануарлардың түсуінен, агрессивті ортаның әсерінен, жоғары ылғалдылықтан, жоғары температуралардан туындаған ақау.
- Бұйымды сәйкестендіру (сериялық нөмірі) жоқ немесе сәйкес келмейді. Егер зақымданулар (кемшіліктер) зиянды бағдарламалық қамтаманың; БҚ ұсынушысының осы қызметті ұсынбауына байланысты мүмкіндігінсіз бұйымның бағдарламалық ресурстарына қолжетімділіктің болмауына әкеп соққан құпиясөздерді (кодтарды) оларды жинау/қалпына келтіру мүмкіндігінсіз орнату, ауыстыру немесе жою әсерінен туындаса.
- Егер жұмыстың ақаулықтары қуат беруші, кабельдік, телекоммуникациялық желілердің, радиосигнал қуатының стандарттарға немесе техникалық регламенттеріне сәйкес келмеуінен, оның ішінде бедер ерекшеліктерінен және басқа да осыған ұқсас сыртқы факторлардан, бұйымның желі әрекет ететін шекарада немесе аймақтан тыс жерде пайдаланылуынан туындаған болса.
- Егер зақымданулар стандартты емес (түпнұсқалық емес) және/немесе сапасыз (зақымданған) шығыс материалдарын, керек-жарақтарды, қосалқы бөлшектерді, қуат беру элементтерін, әртүрлі үлгідегі ақпарат тасымалдағыштарды (CD, DVD дискілерді, жад карталарын, SIM карталарын, картридждерді қоса алғанда) пайдаланудан туындаса.
- Егер кемшіліктер үйлесімсіз контентті (әуендерді, графиканы, бейне және басқа файлдарды, Java қосымшаларын және оларға ұқсас бағдарламаларды) алуға, орнатуға және пайдалануға байланысты туындаған болса.
- Осы бұйыммен жанасып жұмыс істейтін басқа жабдыққа келтірілген залалға.



www.dexp.club